

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ 2006 жылдың 9 айының қаржы нәтижелерін жариялады.

Астана, 2006 жылдың желтоқсан

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы («Қоғам», «Компания») Қоғамның 2006 жылдың 9 айындағы ықшамдалып шоғырландырылған аралық қаржылық нәтижелері туралы ақпаратын жария етті. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленген қаржылық есеп аудиторлық және тәуелсіз аудиторлардың тексеруінен өткен жоқ және Қазақстан қор биржасының талаптарына сәйкес жарияланып отыр.

Жалғасып келе жатқан қызметтен түскен таза пайда 2006 жылдың тоғыз айында өткен жылдың 9 айындағы осындай көрсеткіштерден 60 %-ға артып 67,8 млрд. теңгені құрады. Таза пайданың өсуіне мұнай рыногының қолайлы конъюнктурасы, өндіріс көлемінің өсуі, операциялық шығындарды бақылау, сондай-ақ осының алдындағы есепті кезеңдерде есептелген резервтердің бір бөлігін есептен шығару ықпал етті.

Компанияның 2006 жылдың 9 айындағы кірісі осының алдындағы жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 21,4 %-ға өсті және 310,7 млрд. теңгені құрады. Аталған өсу сатудың орташа бағасын бір тонна үшін 35 946 теңгеден (баррель үшін 37,05 доллар) 43 583 теңгеге дейін (баррель үшін 47,50 доллар) 21 %-ға арттыру жағдайында өндіруді 6,98 млн. тоннаға дейін (күніне 188,2 мың баррельге) 0,7%-ға арттырумен байланысты болды. Сатудың орташа бағасының өсуі, негізінен алғанда, 2006 жылдың 9 айында мұнай беру 71 % (2005 жылдың 9 айында 70%) болған экспорттық рынок бағасының өсуінен болды.

Операциялық шығындар 2006 жылдың 9 айында 2005 жылдың осындай кезеңіндегі көрсеткіштерден 3,1 млрд. теңгеге (2,3 %) кем 131,7 млрд. теңгені құрады. Операциялық шығындардың жалпы сомасының азаюы, негізінен алғанда, Компания 2006 жылы сот тәртібімен жеңіп алған, табиғат қорғау органдарының талабы бойынша 2005 жылы есептелген 11,4 млрд. теңге мөлшеріндегі айыппұлдан құтылумен байланысты болды. **Сонымен қатар, шығындардың азаюы басқарушылық қаламақының 3,3 миллиард теңгеге қысқару есебінен болды.** Аталған фактор амортизацияның, түсімге салықты қоспағанда салықтардың, энергияға арналған шығыстардың, еңбек ақы төлеудің, шикізат пен материалдардың, көліктік және басқа да шығыстардың өсуімен ішінара қалпына келтірілді.

Операциялық қызметтен ақша ағымы өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда шамамен алғанда 2 %-ға артып, 65,2 млрд. теңгені құрады. Аталған көрсеткіштің мұндай серпіні салықтарға дейінгі операциялық ақша ағымының өсуі табысқа төленген салықтардың 2005 жылдың 9 айында 51,4 млрд. теңгеден 2006 жылдың 9 айында 101,1 млрд. теңгеге дейін екі есе өсуімен өтелді.

Негізгі құралдарды сатып алуға және салуға арналған шығындар (материалдық емес активтерді сатып алуды есептегенде капиталдық салымдар) ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке сәйкес 2006 жылдың 9 айында 2005 жылдың 9 айында осындай шығындармен салыстырғанда 10,5 %-ға қысқарып, 36,3 млрд. теңгені құрады. Аталған

қысқару негізгі құралдарды сатып алуды жоспарлы түрде қысқартумен байланысты болды.

Ақша қаражатының, олардың баламалары мен қаржы активтерінің жалпы сомасы 2006 жылдың 30 қыркүйегінде 220 млрд. теңгені құрады. Заемдардың жалпы сомасы үстіміздегі жылдың 30 қыркүйегінде 167,9 млрд. теңгені құрады.

Қысқаша шоғырландырылған аралық қаржылық ақпарат ескертулермен Компанияның Интернет-сайтында (www.kmgep.kz) орналастырылған.

Қосымша

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ 2006 жылдың 9 айындағы негізгі операциялық және қаржылық көрсеткіштері

Жиынтық операциялық деректер

<i>Мың тонна</i>	2006 9 айы	2005 9 айы
Мұнай өндіру	7 123	6 969
Мұнайдың экспорты	4 969	4 872
Жергілікті рынокқа мұнай беру	2 012	2 061

Топтастырылған Бухгалтерлік Баланстар бойынша жиынтық деректер

<i>Мың теңгемен</i>	2006 30 қыркүйегі	2005 31 желтоқсаны
АКТИВТЕР		
Айналымнан тыс активтер	395 593 879	305 760 353
Айналымдық активтер	185 777 096	130 623 355
Жиыны активтер	581 370 975	436 383 708
КАПИТАЛ		
Компания акционерлерінің үлесі	224 861 573	173 653 027
Азшылық үлесі	5 884	79 536
Жиыны капитал	224 867 457	173 732 563
МІНДЕТТЕМЕ		
Ұзақ мерзімді міндеттеме	207 949 763	117 928 068
Ағымдағы міндеттеме	148 553 755	144 723 077
Жиыны міндеттемелер	356 503 518	262 651 145
Жиыны міндеттемелер мен капитал	581 370 975	436 383 708

Шығыстар мен кірістер туралы шоғырландырылған есептеме бойынша жиынтық деректер
30 қыркүйекте аяқталған 9
айда

Мың теңгемен	2006	2005
ЖАЛҒАСҚАН ҚЫЗМЕТ		
кірістер	310 673 567	255 806 754
Операциялық шығыстар	(131 662 898)	(134 756 120)
Операциялық пайда	179 010 669	121 050 634
Қаржылық кірістер (шығыстар)	(4 612 914)	1 121 717
Пайда салыққа дейінгі пайда мен азшылықтың үлесі	174 397 755	122 172 351
Пайдаға салық	(106 574 485)	(79 787 447)
Жалғасқан қызметтен жыл ішіндегі пайда	67 823 270	42 384 904
ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ		
Қызметті тоқтатқанға дейінгі жыл ішіндегі пайда	–	900 688
Жыл ішіндегі пайда	67 823 270	43 285 592
Мыналарға қолданымды:		
Компания акционерлерінің үлесі	67 823 173	43 143 676
Азшылықтың үлесі	97	141 916

Ақша Қаражатының Қозғалысы туралы Топтастырылған Есептер бойынша жиынтық деректер

	30 қыркүйекте аяқталған 9	
	айда	
Мың теңгемен	2006	2005
Операциялық қызметтен ақша ағымдары	65 174 328	63 893 153
Инвестициялық қызметтен ақша ағымдары		
Негізгі қаражаттарды сатып алу	(36 250 375)	(40 481 958)
Сату үшін қол жетімді қаржылық активтерді сатып алу	(98 145 813)	(5 569 708)
Байланысты тараптарға берілген заемдар	(24 371 325)	(26 665 000)
Басқалары	9 252 578	2 648 046
Инвестициялық қызметтен ақша ағымдарының таза сомасы	(149 514 935)	(70 068 620)
Қаржы қызметінен ақша ағымдары		
Заемдар бойынша түсім	101 628 709	70 676 106
Заемдарды жабу	(1 627 679)	(21 686 710)
Компанияның акционерлеріне төленген дивиденттер	(38 610)	(2 704 254)
Басқалары	(2 015 442)	(2 307 357)
Қаржы қызметінен ақша ағымдарының таза сомасы	97 946 978	43 977 785

Бағыттар бойынша сату бағаларын талдау, 2006 жылдың 9 айы

	КҚК	ӨАС	Басқалары	Жиыны
Көлемі, мың тонна	1 141	3 828	2 012	6 982
Шамамен алғанда нарықтық белгілеу *, USD/баррель	66,96	62,55	n/a	n/a
Сатудың орташа бағасы, USD/баррель	59,83	58,20	19,51	47,50
Сату бойынша көліктік және басқа да шығыстарды алып тастағанда сатудың түзетілген бағасы	54,27	51,90	18,07	42,71

Бағыттар бойынша сату бағаларын талдау, 2005 жылдың 9 айы

	КҚК	ӨАС	Басқалары	Жиыны
Көлемі, мың тонна	1 223	3 650	2 061	6 933
Шамамен алғандағы нарықтық белгілеу*, USD/баррель	53,54	49,42	n/a	n/a
Сатудың орташа бағасы, USD/баррель	46,35	46,17	14,88	37,05
Сату бойынша көліктік және басқа да шығыстарды алып тастағанда сатудың түзетілген бағасы	42,61	40,27	10,74	32,07

*газ өнімдерін өңдеуден басқа кірістер мен қызметті есепке алмағанда

* КҚК бойынша жеткізу үшін CPC Blend, Өзен-Атырау-Самара құбыр желісі бойынша жеткізу үшін Urals RCMB

Анықтамалық ақпарат

	2006 жыл	2005 жыл
USD/KZT 9 айдағы орташа бағам*	125.51	133.53
2005 жылдың 31 желтоқсанындағы USD/KZT бағамы*		133.77
2006 жылдың 30 қыркүйегіндегі USD/KZT бағамы*	127.22	
Баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептегендегі коэффициент	7,36	

*Көзі: ҚР Ұлттық банкі

Анықтама:

Орталық офисі Астана қаласында орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (бұдан әрі – «ҚМГ БӨ» немесе «Компания») мұнай өндірудің көлімі мен жылдық ауқымы бойынша Қазақстан Республикасындағы үшінші мұнай өндіруші компания болып табылады (2005 жылғы өндірістік көрсеткіштерге сәйкес*)

2005 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** компания шамамен алғанда 1 миллиард 515 миллион баррель жуық мөлшеріндегі дәлелденген және мүмкін болатын мұнай қорына ие, ал оның мұнай өндірудегі орташа тәуліктік көлемі 2005 жылы 188 мың барр. құрады. Компания көмірсутегі шикізатын өндіруді Батыс Қазақстандағы Атырау және

Маңғыстау облыстарындағы 44 мұнай және газ кен орындарында жүргізуде және аталған аудандарда құрлықта геологиялық барлау жұмыстарын жүзеге асыруда. Компанияның мажоритарлық акционері таяуда құрылған «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі холдингі арқылы мемлекет бақылау жасайтын «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мемлекеттік мұнайгаз компаниясы («ҚМГ» ҰК) болып табылады.

*Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

** Дерек көзі: Gaffney, Cline & Associates SPE/WPC сипатталымын пайдаланған есебі (Society of Petroleum Engineers и World Petroleum Council сипатталымы)

Қосымша ақпараттар алу үшін:

«ҚМГ» БӨ», Бұқарамен байланыс қызметі (+7317 2 977 908, + 7 3172 977 924)

Ләззат Көккөзова

E-mail: pr@kmgep.kz

«ҚМГ» БӨ», Инвесторлармен байланыс жөніндегі қызмет (+3172 977 924)

Алекснадр Гладышев

E-mail: ir@kmgep.kz

Citigate Dewe Rogerson (+44 20 7638 9571)

Мартин Джексон

Дэвид Вестоувер

Болашаққа қатысты мәлімдеме

Осы құжатта «болашаққа қатысты мәлімдеме» болып табылатын немесе есептелетін мәлімдеме қамтылған. Басқаларының арасындағы «санайды», «алдын ала бағалау бойынша», «күтіп отыр», «болжам бойынша», «ұйғарып отыр», «жоспарлап отыр», «ұйғарды», «болады» немесе «болуы тиіс» деген сөздерді қоса алғанда болашақты сипаттауға арналған терминология, не, әр жағдайда осыған ұқсас немесе парантер терминология, не талқылауға арналған сілтемелер, болашақ оқиғаның немесе ниеттің жоспарлары, мақсаттары, міндеттері келешекке қатысты мәлімдемені түсіндіруге арналған. Болашаққа қатысты аталған мәлімдеме тарихи фактілер болып табылмайтын барлық мәлімдемелерді қамтиды. Олар ниеттер, пікірлер туралы мәлімдемелерді және Компанияның солармен қатар қызметтің нәтижелеріне, қаржылық жағдайға, Компания жұмыс істеп отырған стратегиялар мен салалардың жойылымдылығына, перспективаларына, өсуіне қатысты күтулері туралы мәлімдемелерді шектеусіз қамитды. Өз тұрғысында болашаққа қатысты өтінімдер олар болуы мүмкін келешектегі оқиғалар мен жағдайларға қатысты болғандықтан тәуекелмен және белгісіздікпен байланысты. Болашаққа қатысты мәлімдемелер қызметтің болашақ нәтижелерінің кепілдігі болып табылмайды және Компания қызметінің іс жүзіндегі нәтижелері, қаржылық жағдайы және қызметін тоқтатуы және Компания жұмыс істейтін елдер мен салалардың дамуы осы құжатта сипатталған нұсқалардан айтарлықтай өзгеше болуы немесе осы құжатта қамтылған болашаққа қатысты мәлімдемелерге сәйкес жүзеге асуы мүмкін. Компания жаңа ақпараттар алудың, болашақ оқиғалардың немесе қандай да бір өзге де жағдайдың нәтижесінде болса да осы құжатта қамтылған салаға қатысты қандай да болмасын ақпаратты немесе болашаққа қатысты қандай да болмасын мәлімдемені жаңартуды жоспарламайды және ол жөнінде өзіне міндеттеме алмайды. Компания болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелерде айтылған нәтижелерге қол жеткізілетіндігіне қатысты ешқандай мәлімдеме жасамайды, ешқандай растау бермейді және ешқандай божам жарияламайды.